

8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау бағыты бойынша (6D011000-Физика) философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жусипбекова Шолпан Ерлеспесовнаның «Медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі» тақырыбындағы диссертациясына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұсынымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым</p>	<p>Диссертация тақырыбының ғылыми даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің бұйрығын, Фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі 2020 - 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы заңын басшылыққа алумен сипатталады.</p> <p>Ш.Е.Жусипбекованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Ғылым және жоғары білім саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011000-Физика) бағыты бойынша ұсынылған.</p>

		бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған	Диссертанттың зерттеу барысында алынған ғылыми-әдістемелік жетістіктері медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесіне қатысты өзекті мәселелерді шешуге бағытталған. Зерттеу жұмысында Білім беру бағдарламасының бейініне байланысты кәсіби бағытта оқыту қажеттілігін айқындаған. Сонымен бірге, «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің құрылымы мен мазмұнын, оның физика және жеке білім беру траекториясының базалық, бейіндік пәндерінің оқу материалының арасындағы пәнаралық байланысын айқындаған. Бұл зерттеу жұмысының маңыздылығын ашады. Алынған нәтижелер ғылымға өзінің елеулі үлесін қосады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Докторант Ш.Е.Жусипбекованың диссертация тақырыбы аясында жүргізген зерттеулері дербес, өзекті, тұтас және аяқталған, жоғары деңгейдегі жұмыс болып табылады.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген	Жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде: медициналық жоғары оқу орындарындағы болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарына «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесін қайта қарастыруды, атап айтқанда жеке білім беру траекториясындағы базалық, бейіндік пәндермен пәнаралық байланыс негізінде оқыту мәселесін қарастырудың қажеттілігі; пән бойынша практикалық сабақтарды және өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тәсілдеріне жете көңіл бөлінбейтіндігі жайындағы нақты

		кемшіліктерді айқындап, зерттеу тақырыбының өзектілігін негіздей білген.
	4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Докторанттың диссертациялық жұмысына талдау жүргізу барысында, зерттеудің мазмұны диссертацияның тақырыбын нақты айқындайтынын байқауға болады.
	4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u> ; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысына қатысты қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарын даярлау мәселелерін және медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқытудың қазіргі жағдайын қарастырумен; «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің құрылымы мен мазмұнын, оның физика және жеке білім беру траекториясындағы базалық, бейіндік пәндермен пәнаралық байланысын айқындаумен; «Электротехника және электроника негіздері» пәні бойынша практикалық сабақтарды және өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тәсілдерін көрсетумен; болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарына «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесін жасаумен сәйкес келеді.
	4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u> ; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыда толық байланысқан. Алынған нәтижелер ішкі бірлікпен сипатталады: ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтаушы және қалыптастырушы эксперименттердің мазмұны мен нәтижелері келтірілген.
	4.5 Автор ұсынған жаңа	Болашақ фармацевтикалық

		<p>шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>өндіріс технологиясы мамандарын даярлау мәселелері, «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің құрылымы мен мазмұны, оның «6B07201-Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасындағы базалық және бейіндік пәндермен пәнаралық байланысы; практикалық сабақтарды және өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тәсілдері; «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі, педагогикалық-эксперимент нәтижелері сандық, сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған.</p>
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Ізденуші Ш.Е.Жусипбекованың диссертациялық жұмысты орындау барысында қол жеткізген ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жаңа болып табылады. Зерттеу барысында докторант теориялық және практикалық жағынан маңызды болатын келесі толығымен жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:</p> <p>Бірінші нәтижеге жетудегі ізденушінің зерттеу мәселесіне қатысты ғылыми еңбектерге және ҚР ҒЖЖБМ бекіткен нормативтік құжаттарға, «6B07201 - Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасына талдау жасау және оларды жүйеге келтіру барысында «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің құрылымы мен мазмұнын, оның физика, базалық, бейіндік пәндермен пәнаралық байланысының айқындалуымен жаңа болып табылады.</p> <p><i>Екінші нәтиже</i> «6B07201 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасының кәсіби ерекшелігі ескеріліп дайындалған</p>

			<p>практикалық және білім алушылардың өзіндік жұмыстарына арналған тапсырмалардың жасалуымен негізделеді. «Электротехника және электроника негіздері» пәні бойынша практикалық сабақтарды және өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тәсілдерінің көрсетуімен жаңа болып табылады.</p> <p>Болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарына «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесінің жасалуы және оның тиімділігінің педагогикалық экспериментте дәлелденгендігі үшінші нәтиженің толығымен жаңа екендігін көрсетеді.</p>
		<p>5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста келтірілген қорытындылар толығымен жаңа. Диссертацияның сенімділік дәрежесі педагогикалық эксперимент жұмыстарының нәтижелерінің сипатымен дәлелденген. Докторанттың жұмысы аяқталған, толығымен жаңа ғылыми-зерттеу болып табылады.</p>
		<p>5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқа шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Докторанттың ұсынған медициналық жоғары оқу орындарында «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысында келтірілген тұжырымдар, ендіру актілері және педагогикалық эксперимент нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдармен расталынады.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Зерттеу жұмысы барысында алынған нәтижелер мен қорытындылар теориялық және практикалық жағынан негізделген. Зерттеу жұмысында келтірілген қорытындылар мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарына «Электротехника және</p>

			электроника негіздері» пәнін оқытуда қолдануға болады.
7	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия</p> <p>2) <u>жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар</p> <p>2) орташа</p> <p>3) <u>кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) жоқ</p>	<p>Ш.Е.Жусипбекованың диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарылған қағидалары:</p> <p>1) «6B07201 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасындағы «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің құрылымы мен мазмұнының, оның физика және жеке білім беру траекториясындағы базалық, бейіндік пәндермен пәнаралық байланысының айқындалғандығымен дәлелденген; тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>1. Болашақ мамандарды кәсіби дайындаудағы «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқытуда ақпараттық құзыреттіліктерін қалыптастыру // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. - №2(74). - 2022. - Б. 211-222.</p> <p>2. Methods of Teaching the Discipline «Fundamentals of Electrical Engineering and Electronics» in Medical High Schools // «The Europe and the Turkle World: Science, Engineering and Technology» Materials of the VI International Scientific-Practical Conference. – 2021. - Bursa (Turkey).</p> <p>3. Фармацевт – технолог мамандығының студенттеріне электротехника және электроника негіздері пәнін оқыту әдістемесіне шолу // IV-й Международная научно-практическая конференция «Актуальные проблемы теории и практики подготовки педагогических кадров». – Бишкек, 2019. - Б.118-121.</p> <p>2) «Электротехника және электроника негіздері» пәні</p>

			<p>бойынша практикалық сабақтарды және өзіндік жұмыстарды ұйымдастыру тәсілдерінің көрсетілгендігімен дәлелденген; тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>1. «Электротехника және электроника» курсында виртуалды зертхананы жүргізуге арналған бағдарламалық – ақпараттық кешендерді пайдалану // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Физика-математика ғылымдары» сериясы. - №2(66). - 2019. - Б. 116-121.</p> <p>2. «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқытудың әдістемелік дағдыларын арнайы тапсырмалар арқылы қалыптастыру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. «Педагогика» сериясы. - №4/1. - 2020. - Б.132-139.</p> <p>3. Болашақ физика оқытушыларын даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстардың рөлі // Materials of the VII International Scientific-Practical Conference «Quality Management: Search and Solutions». – 2021.- Houston (TX, USA).- Б. 201-211.</p> <p>3) болашақ фармацевтикалық өндіріс технологиясы мамандарына «Электротехника және электроника негіздері» пәнін оқыту әдістемесі жасалған және оның тиімділігін дәлелдейтін педагогикалық эксперимент нәтижесімен дәлелденген; тривиалды емес, жаңа, алдағы уақытта қолданылу ауқымы кең және келесі мақалаларда дәлелденген:</p> <p>1. Methodology of teaching the fundamentals of electrical engineering and electronics for the pharmaceutical production technology specialty // Computer Applications in Engineering</p>
--	--	--	---

			<p>Education. - ISSN 10613773. -2023.- P.1-9. (IF – 1,79; WoS – Q3, Scopus-86). https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1002/cae.22599.</p> <p>2. Қашықтан оқытуда студенттердің психологиялық алауқатын көтерудің жолдары // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің хабаршысы. «Психология» сериясы. - №4(65). - 2020. - Б. 128-133.</p> <p>3. Медициналық жоғары оқу орындарында «цифрлы электрониканың логикалық негіздерін» оқытуда жана инновациялық әдістерді қолдану // «Білім беру жүйесін модернизациялау: тенденциялар, проблемалар және перспективалар» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция.- Алматы, 2019. - Б.428-433.</p> <p>4. Методы обучения в электронике // әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция. - Алматы, 2019. - Б.411.</p> <p>5. Пути и методы изучения медицинской электроники в современном медицинском вузе // әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, «Фараби әлемі» атты халықаралық ғылыми конференция. – Алматы, 2019. - Б. 412.</p>
8	Дәйектілік принциптері мен Дереккөздер ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия 2) жоқ	<p>Докторант Ш.Е.Жусипбекованың зерттеу жұмысындағы әдістемелік аппарат дәйектілік принциптеріне және дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігіне негізделген. Докторант қол жеткізген ғылыми қорытындыларды, нәтижелер мен ұсыныстарды негіздеуде белгілі ғылыми әдістерді орынды қолданған: -білім берудегі жаңа әдістер мен тәсілдерді анықтау мақсатында</p>

		<p>қазақстандық білім беру жүйесін жаңғыртуға қатысты ҚР ҒЖЖБМ нормативтік құжаттарын және зерттеу тақырыбына байланысты ғылыми әдебиеттерді талдау;</p> <p>- «6B07201 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасын, «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің оқу-әдістемелік кешендерінің мазмұнын талдау және жүйелеу;</p> <p>- педагогикалық эксперимент нәтижелерін сандық бағалаудың математикалық статистика әдістері.</p>
8.2	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>ия</u></p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>Докторант зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешенін анықтаған:</p> <p>теориялық әдістер (зерттеу тақырыбы бойынша отандық және шетелдік ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік, философиялық, әлеуметтік, психологиялық, педагогикалық және әдістемелік әдебиеттерді, тақырыпқа қатысты диссертациялық зерттеулерді талдау, зерттеу материалдарын жинақтау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау);</p> <p>эмпирикалық әдістер (бақылау, білім алушылар мен оқытушылармен пікір алмасу; сауалнама жүргізу; нормативті және оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, педагогикалық-эксперимент);</p> <p>статистикалық әдістер (зерттеуде алынған мәліметтерді сандық талдау әдістері, нәтижелерді математикалық өңдеу әдістері).</p>
8.3	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және</p>	<p>Теориялық қорытындылар С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті мен Оңтүстік Қазақстан медицина академиясында жүргізілген педагогикалық-экспериментпен дәлелденген. Жүргізілген жұмыстар диссертацияның</p>

		расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия 2) жоқ	Г қосымшасында келтірілген оқу процесіне ендіру актілерімен дәлелденеді. Педагогикалық эксперимент нәтижелері оң динамиканы көрсетеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің бекіткен нормативтік құжаттар, отандық және шетелдік авторлардың педагогикалық әдебиеттері, сөздіктер, анықтамалар, энциклопедиялар, пән бойынша оқулықтар, оқу-әдістемелік құралдар, нұсқаулықтар, Интернет ғаламдық желісінің парақшалары, журналдар мен конференция жинақтары, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда жариялаған материалдарға сілтеме жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті / жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. 102 библиографиялық сипаттамадан тұрады және Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі бекіткен нормативтік-құқықтық құжаттардың тізімі келтірілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия 2) жоқ	Диссертацияның теориялық маңызы бар. «6В07201 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасындағы «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің құрылымы мен мазмұны, оның физика және жеке білім беру траекториясындағы базалық, бейіндік пәндермен пәнаралық байланысы және оны білім беру процесінде қолданудың мүмкіндіктері теориялық

		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> 2) <u>жоқ</u></p>	<p>негізделген.</p> <p>Диссертанттың зерттеу жұмысының практикалық маңыздылығы: «6B07201 – Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы білім алушыларына арналған «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің құрылымы мен мазмұны айқындалған; пәнінің оқу-әдістемелік материалдарының жүйесі әзірленіп С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Dis.kaznmu, Sigiis білім беру платформасына салынған; «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің оқу материалдары бойынша бейне дәрістер түсіріліп, ол С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ YouTube каналына жүктелген; медициналық жоғары оқу орындарының фармацевтикалық өндіріс технологиясы білім беру бағдарламасына арналған «Электротехника және электроника негіздері» пәні бойынша электронды оқулық (2020-2021 оқу жылы), оқу құралы (2021-2022 оқу жылы) шығырылып, оқу процесіне енгізілген.</p> <p>Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар. Алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі бойынша автордың «Электротехника және электроника негіздері» пәні бойынша электронды оқулығында келтірілген тапсырмалар диссертацияда толық көрсетілмеген, бірақ осы оқулығына сілтеме ретінде берілген. Аталған кемшілік диссертацияның құндылығын түсірмейді.</p>
	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады: 1) <u>толығымен жаңа;</u></p>	<p>Докторанттың келтірген практикалық ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады:</p>	<p>1) «6B07201 – Фармацевтикалық</p>

		<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>өндіріс технологиясы» білім беру бағдарламасы білім алушыларына арналған «Электротехника және электроника негіздері» пәнінің құрылымы мен мазмұны, оның физика және жеке білім беру траекториясындағы базалық, бейіндік пәндермен пәнаралық байланысы;</p> <p>2) «Электротехника және электроника негіздері» пәні бойынша оқу-әдістемелік материалдар, бейне дәрістер әзірленіп С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ Dis.kaznu, Sirius білім беру платформасына және YouTube каналына жүктелді;</p> <p>3) медициналық жоғары оқу орындарының фармацевтикалық өндіріс технологиясы білім беру бағдарламасына арналған «Электротехника және электроника негіздері» пәні бойынша электронды оқулық және оқу құралы оқу процесіне енгізілді.</p>
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары</p> <p>2) орташа</p> <p>3) орташадан төмен</p> <p>4) томен</p>	<p>Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес.</p>

Шешім: Ш.Е.Жусипбековаға 8D015 – Жаратылыстану пәндері бойынша педагогтарды даярлау (6D011000-Физика) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

**Ресми рецензент,
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университетінің
«Физика» кафедрасының аға
оқытушысы, PhD:**



Б.С.Уалиханова